

# СӨЖ

**Тақырыбы:** Хейлопластикаға көрсеткіш,  
реабилитация, диспансеризация

Қабылдаған: Мусаева Алия.

Орындаған: Маден Марат

Тобы: СТК 441

□ Жоспар:

Хейлопластика туралы түсінік;

Хейлопластика жасауға көрсеткіштер;

Хейлопластика жасауға кері көрсеткіштер;

Хейлопластика жүргізудің жалпы алгоритмі;

Процедураның этаптары;

Хейлопластиканың асқынуы мен оның алдын алу;

Қорытынды.

**Еріндер** бұл- назар көп түсетін дене мүшесі. Егер ерінде қандай да бір жетіспеушілік болса, ол бірден көзге көрінеді. Қазіргі кезде мұндай жетіспеушіліктің орнын толтырудың шемімі бар.

**Хейлопластика** бұл- еріндер контурын жақсартуға және үлкейтуге бағытталған косметологиялық операция. Еріндердің, сонымен қатар мұрын-еріндік қатпарлардың хейлопластикасы арқасында еріндерге идеальды пішін беруге және қартаю белгілерін жоюға болады. Бұл инъекциялы филлерлер (гельдер) арқылы жүзеге асады.

Бұл пластиканы жүргізу үшін дәрігерден жоғарғы біліктілік талап етіледі, себебі процедураны жүргізу технологиясынан кішкене ауытқудың өзі жалпы жағдайдың төмендеуіне алып келуі мүмкін.



# Хейлопластикаға көрсеткіш:

- өте жіңішке,  
жіп тәріздес  
еріндер;

- жоғарғы ерінде  
майда  
әжімдердің  
пайда болуы;

- туа пайда  
болған ақаулар  
(қоян жырық,  
қасқыр ауыз);

- еріндердің  
пішінінің  
симметриялы  
болмауы;

- төменгі  
еріннің  
салбырап  
тұруы ;

- жүре пайда  
болған ақаулар:  
механикалық,  
химиялық  
әсерлерден

## **Хейлопластикаға кері көрсеткіш:**

- операция барысында қолданыналын гельдерді жеке көтере алмаушылық (гиалурон қышқылы);
- жүрек-қан тамыр аурулары;
- қан ұюының бұзылуы;
- тері жамылғысының бүтіндігінің бұзылуы;
- қозу сатысындағы еріндер герпесі;
- иммунитеттің төмендеуі;
- қант диабеті, декомпенсация сатысында;
- эпилепсия;
- жұқпалы аурулар;
- лихорадка, жоғарғы температура;
- жүктілік, лактация

Операцияға дейінгі бір апта ішінде дәрі-дәрмектер қабылдамау керек және еріндер пилингін, тазалаушы маскаларды қолданбаған жөн.

## ХЕЙЛОПЛАСТИКА ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ АЛГОРИТМІ :

- ота алдында науқастан анамнез жинау

- жалпы немесе жергілікті жансыздандыру жүргізу

- еріннің параметрлерін өзгерту үшін тіннің белгілі бөлігін алып тастау

- тігіс салу, оларды пластырь жолақтарымен жабыстыру

- ота жасалғаннан кейін науқасқа кеңестер беру

- отаның ауырлығына байланысты науқасты стационарда қалдыру немесе амбулаторияда жасалған оталардан шыққан науқастарды кеңестер беріп, үйіне жіберу





## **Процедураның негізгі этаптары:**

**Еріндер хейлопластикасы** ауырсынусыз өтетін процедуралар қатарына жатады. Ота барысында жергілікті немесе жалпы жансыздандыру қолданылады.

## **Еріндердің эстетикалық пластикасы:**

**Еріндердің хирургиялық пластикасы.** Бұл ота скальпель көмегімен жүзеге асырылады. Ол үшін ауыздың шырышты қабығына ағылшынша V әріпі сияқты тілікті төменгі және тоғарғы еріндерге жүргізеді. Сосын тіндерден кішкене жолақ кесіліп, еріндерге жаңа пішін береді. Осыдан кейін ағылшынша Y әріпі сияқты тігістер салынады. Бұл **V-Y техникасы** деп аталады. Тіліктерді вертикальды және горизонтальды бағытта да жасауға болады. Мұндай әдісті **Париж хейлопластикасы** деп атайды. Ота жасалған аймаққа емдік таңғыш салынады, оны бір апта бойы шешпеген жөн. Он күннен кейін қалыпты өмір салтына көше берсе болады.

Еріндер пластикасына жоғарғы еріннің жырығын жоюға бағытталған іс шаралар да кіреді. Мұны баланың 3-6 айлығында жасайды. Ота жасалғаннан кейін баланың мұрнына жараның жазылуын тездетедін тампонға малынған дәрі қояды. Еріндер пластикасы мұрын пластикасымен де байланысты бола алады.

**Булхорн.** Бұл ота кезінде мұрынның астындағы тері жолақ етіп кесіп алынады. Осының себебінен еріндердің қызыл жиегі сыртқа қайырылып, еріндер үлкен болып көрінеді.

**Корнер лифт.** Бұл операция нәтижесінде езулер көтеріледі. Ол үшін еріннің жоғарғы бұрыштарынан тіліктер жасалынады, сосын терінің және бұлшық еттердің біршама бөлігі кесіліп алынып тасталады.

**Еріндердің контурлы пластикасы** тері астына биогельдер және өзіндік май тіндерін инъекция көмегімен енгізу арқылы жүзеге асады.



Bio krasota

## **Процедурадан кейін**

Ота жасалып болғаннан кейін кішкене ауырсынулар сезілуі мүмкін және сол аймақтың ісінгені секілді сезім пайда болады. Бұл 1-2 апта ішінде кетеді.

### **Реабилитациялық кезеңнің бүкіл көлемінде науқасқа:**

- осы аймаққа суық компресстер жасауға
- уақытша монша, саунаға, бассейнге бармауға
- алкоголь және табак өнімдерін шектеуге
- ерінге қайталап массаж жасауға
- косметикалық заттарды пайдаланбауға
- далаға шыққанда күннен қорғайтын кремдер пайдалануға және физиотерапиялық емдер алуға кеңес береміз.

Отадан кейінгі алғашқы күндері еңкеюге, бетімен төмен қарап жатуға, қатты күлуге болмайды.

Еріндер пластикасының нәтижесі *7-12 ай бойы* сақталады, кейбіреулерін қайталауға да кеңес беріледі.

- еріндегі  
әжімдердің  
жойылуы

- езудің  
көтерілуі

**Еріндер пластикасының  
нәтижелері:**

- ерінге  
пішін  
берілуі

- еріндер  
серпімділігі  
нің  
жоғарылауы

## **ХЕЙЛОПЛАСТИКДАН КЕЙІНГІ БОЛУЫ МҮМКІН АСҚЫНУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ**


Еріндердің контурлық пластикасы аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін. Сонымен қатар бір тәулік ішінде тері жамылғысын тескеннен кейін **қызарулар және ісінулер** болуы мүмкін.

Іріңдеу және ота аймағының қабынуы. Мұндай асқынулардың алдын алу үшін бірнеше күн бойы жара болған жерді мақта томпоны және сутегі асқын тотығымен өңдеп тұру керек.

Дене температурасының инфекция түсуінен көтерілуі. Жүйке жүйесі ұштарының зақымдануынан ауру сезімінің әрдайым болуы.

Қорытынды:

Қазіргі таңда еріндердегі ақаулықтарды толығымен жоюға болатынына, тіпті оны болмағандай етіп көрсететін отаның түрлері бар екеніне көзіміз жетіп отыр. Бірақ мұндай мүмкіндіктерді асыра сілтеп пайдаланудың да адам организміне зияны бар екенін біліп жүргеніміз маңызды және оны науқастарға да ескертіп, хейлопластика жасату үшін дұрыс кеңестер бере білуіміз қажет.



Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет!!!